

Бапаева М.К., Шеръязданова Х. Т.

**ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ БІЛІМ БЕРУ ТӘЖІРИБЕСІНЕ «МЭДЕНИ МҰРА»  
БАГДАРЛАМАСЫНЫҢ НЕГІЗІНДЕ ЖАРЫҚ КӨРГЕН ЭЛЕМДІК  
ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ОЙЛАРДЫ ЕНГІЗУДІҢ МӘСЕЛЕЛЕРІ**

*В статье рассматриваются проблемы и пути внедрения мировых психологических мыслей в систему психологического образования ВУЗа на основе государственной программы «Культурное наследие».*

*The article deals with problems and ways of introduction of world psychological thoughts into the system of psychological education at the universities on the basis of «Cultural Heritage».program.*

Еліміз тәуелсіздігіне қол жеткізгеннен кейін білім беру жүйесінің барлық сатыларында ұлттық дүние таным, болмыс, өзіндік сана-сезім, ата-бабалардың ғасырлар бойы жинақтаған рухани мұраларын қайта қарап, ғылыми тұрғыда негіздеу қолға алына бастады.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың бастамасымен 2004-2006-жылдар арасында «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы аясында тұңғыш рет әлемдік тәжірибеде, адамзаттың даму тарихында психологиялық ғылымдардың танымал өкілдерінің сүбелі туындылары казак тіліне тәржімаланды.Осындай айтулы жобаның негізінде «Психология. Адамзат ақыл-ойының қазынасы» атты он томдық кітаптар сериясының жарық көруі, онда әлемдік психологиялық ойлардың іріктелуі, оның төл тілімізге тұңғыш рет аударылуы және қазақтың психологиялық ой-пікірлерінің жүйеленуі – психологиялық білім беруді жетілдіруге, елімізде психология ғылымдарының дамуына қосылған өзіндік үлес деп бағалауға болады.

«Қазақстан Республикасында 2015-жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасында «...Әлемдік білім беру кеңістігіне ықпалдастырылған және жеке тұлға мен қоғамның қажеттіліктерін қанағаттандыратын көп деңгейлі үздіксіз білім берудің ұлттық үлгісін қалыптастыру үшін білім беруді дамытудың стратегиялық басымдықтарын белгілеу - білім беруді одан әрі демократияландыру», - деп қорсетілген. Әлемдік деңгейдегі психологиялық ой-пікірлердің ана тілімізге аударылуы студенттерге, магистранттарға, ізденушілерге және жоғары педагогикалық оқу орындарында дәріс беретін оқытушы қауымға оның нәтижелерін психологияны оқыту үрдісінде қолдануларына үлкен мүмкіндік тудырып отыр.

«Психология» секциясы бойынша жоба тәмендегідей бағыттардағы теорияларды қамтыды:

- ТМД елдері бойынша психология ғылымдарының қорнекті өкілдерінің тұжырымдамалары орыс тілінен қазақ тіліне аударылды: Л.С.Выготский, С.Л.Рубинштейн, П.Я.Гальперин, В.В.Давыдов, А.Н.Леонтьев, Д.БЭльконин, А.К.Маркова, В.В.Рубцов, В.И.Панов,
- Батыс классиктері: З.Фрейдтің психоаналитикалық теориясы және неофрейдистер: Э.Берн, Э.Фромм; К.Хорни;

- гуманистік психология өкілдері: А.Маслоу, К.Роджерс, Г.Олпорт, Г.Айзенк;
- когнитивті психологияның негізін салушылар: Жан Пиаже, Д.С.Брунер, Л.Фестингер; Жеке-даралық психологияның негізін салушылар: А.Адлер және К.Г.Юнг теориялары;
- Әлеуметтік үйрету теориясының авторы А.Бандура
- Қазақстандағы психология ғылымының қазіргі жағдайының негізін құрайтын отандық психологтардың таңдаулы еңбектері (Ж.Аймауытов, М.Жұмабаев, Т.Тәжібаев, М.Мұқанов).

«Психология» сериясы бойынша жарық көрген басылымдарда өткен ғасырда психология ғылымдарының - оның ғылыми даму кезеңдерінің бүкіл тарихында жинақталған тұлға жайлы ірі теорияларды жүйелі түрде топтастыру әрекеттері жасалынған. Осы тұрғыда он томдық «Психология. Адамзат ақыл-ойының қазынасы» кітаптар сериясы қазіргі заманғы психологиялық ойлардың өзекті бағыттары бойынша жүйеленген энциклопедиялық сипаттағы еңбек деп бағалауға болады.

Авторлар әр томды құрастыру барысында онтологиялық принципке сүйенген, сондықтан қазіргі заманғы психологиялық тұжырымдамалардың теориялары монографиялық емес, хрестоматиялық бағытқа негізделген. «Психология. Адамзат ақыл-ойының қазынасы» кітаптар сериясы шетелдік, ресейлік, қазақстандық ғалымдардың тұлға туралы теорияларын, оның іс-әрекеттері, психологиялық даму ерекшеліктері мен зерттеу әдістерін, ғылыми зерттеулерін қамтиды. Авторлар басылымда психологиялық ғылымның негізгі тұрғылары мен болімдерінің тізбектелген ақпаратты және нақты түсініктемесін беруге тырысқан. Қазақстанда психологиялық ғылымның дамуы үшін мұндай құнды материалдың тұңғыш рет қазақ тілінде жарыққа шығуы өзінің өзектілігімен ерекшелініп,елімізде тұтастай психологиялық ғылымдардың дамуына айтарлықтай үлесін қосады.

Басылымның авторлары тек қана тәржімалау идеясымен ғана шектелмей, сонымен қатар көпшілікке және мамандарға таныстыру мақсатында әлемдік психологиялық ойлардың қазынасын құрайтын басылымдарды жарыққа шығаруды басшылыққа алған. Өткен дәуірде бұл материалдар тіпті орыс тіліне де аударылмаған еді.

Бұндай басылымның жарыққа шығуының маңызы он томдықта берілген зерттеулердің мақсатты түрде мемлекеттік тілдің қайнар қозын кеңейтіп, соның негізінде психологиялық ғылымның әлемдік және отандық деңгейде тарихи дамуының барлық кезеңдерін қамтитын ғылыми проблемалардың қатарын құруға мүмкіндік береді. «Әлемдік психологиялық ойлар» жобасын құрастыру қажеттілігі ғылыми аудармалармен шектелмей, болашақ зерттеушілердің ғылыми ізденістерін

неғұрлым нақты және кешенді жүргізуге мүмкіндік беретін қазіргі заманғы теориялық - әдіснамалық, тұжырымды қағидаларды талдауды да қарастырады. Ғалымдардың теорияларына шолудың жасалуы - адам психикасын зерттеу пәні жайлы қозғалыстар жүйесінің кемшіліктері мен жетістіктерін көрсетіп, құбылыстарды түсінуге ықпал ететін тұжырымдамалар мен қағидалардың теориялық негіздерін айқын көрсетеді.

Құрастырушылар тұжырымдамаларды сын тұрғысынан қарастыруды мақсат етпей, адам ларатылысының табиғатын түсіну мен ұғынуды тереңдетіп, байытуға тырысқан.

Мемлекеттік «Мәдени мұра» бағдарламасы аясында зерттеулер, ақпараттар мен, ғылыми жаңалықтардың нәтижелерін оқу-тәрбие үрдісінде қолдандықажеттілігі туралы Қазақстан Республикасының Білім және Ғылым министрінің 5-маусым 2009-жылы «Білім беруді ұйымдастыруда кітапхана қорын толықтыру туралы» №275 бұйрығының маңызы зор. Осыған орай 050503 - «Психология», 050103- «Педагогика және психология» мамандықтары бойынша мамандар даярлауда «Мәдени мұра» бағдарламасының аясында жарық көрген «Психология. Адамзат ақыл-ойының қазынасы» атты кітаптар сериясын бірқатар психологиялық пәндерді оқыту барысында қалай тәжірибеге енгізудің мән жайын қарастырамыз.

Қазақстан Республикасы жалпы міндетті Білім беру стандарты бойынша (ҚР МЖМБС 3.08.253-2006) 050103-Педагогика және психология және. 050503- «Психология» мамандықтары бойынша білім беру бағдарламаларының мазмұнын «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасының аясында жарық көрген «Психология, Адамзат ақыл-ойының қазынасы» кітаптар сериясында (I-X томдар) жүйеленген тұжырымдамалар арқылы толықтырылса, студенттер мен магистранттардың психологиялық білімдер жүйесі нығайып, дүние танымы кеңейе түсері сөзсіз.

Мәселен, базальқ пәндер қатарындағы «Жалпы психология» оқыту барысында іс-әрекет субъектісі: мотивациялар, эмоциялар, тұлға психологиясы проблемалары, қазіргі психологиядағы тұлға ұғымының көп мәнділігін қарастырылу көзделген.

Осы орайда он томдықтың «Психология ғылымындағы іс-әрекет теориясы» атты екінші томында /1/ (А.Н.Леонтьев, С.Л.Рубинштейн, К.А.Абульханова-Славская, А.Н.Ждан, В.В.Давыдов, А.А.Леонтьев, О.К.Тихомиров, А.В.Брушлинский т.б) және «Ойлау теориялары: ізденістер, келелі мәселелер, перспективалар» атты 9-томда жинақталған ойлау (С.Л.Рубинштейн), ойлау психологиясының пәні мен әдістері (О. К.Тихомиров), шығармашылық ойлау (К.Дункер) мәселелері қарастырылған авторлардың теорияларымен таныстырып, қажетінше талдап, белгілі бір ой қортындысын жасап, өзіндік пікірлерін қалыптастыру маңызды деп ойлаймыз, /2/

Мәселен, «Жалпы психология» пәні бойынша бағдарламаның мазмұны төмендегідей мәселелермен толықтырылса, әлдеқайда тиімдірек болар еді деп ойлаймыз:

Ойлау психологиясы - жалпы психологияның негізгі бөлімдерінің бірі.

Ойлау танымдық іс-әрекет, түрлері, ойлау белсенділігінің деңгейі. Ойлау-тұлға рефлексиясының объектісі ретінде. Ойлаудың мазмұны, динамикасы, ерекшеліктерінің зерттелу жағдайлары. Вюрцбург мектебінің эксперименттік зерттеулері. Ойлаудың мотивациялық сферасы. Фило және онтогенездік зерттеулер. Кеңестік психологиясының ойлау теориялары.

«Педагогикалық психология» пәні бойынша кітаптар сериясының 4-томында қарастырылған ақыл-ой әрекетін сатылап қалыптастырудың теориясын жасаған кеңестік ғалымдар П.Я.Гальперин, Н.Ф.Гальзина және т.б. еңбектерін басшылыққа алып, осы пәннің мазмұнын төмендегідей түрде толықтыруға болады. Мәселен:

Оқыту мен тәрбие мәселелері және олардың теориялық-әдіснамалық негіздері. Ақыл-ой әрекетін сатылап қалыптастыру-педагогикалық психологияның зерттеу әдісі ретінде. П.Я.Гальперин ақыл-ой әрекетін сатылап қалыптастыру теориясы. Н.Ф.Гальзина ақыл-ой әрекеті-нәтижелі оқыту әдісі ретінде. А.К.Маркова оқу мотивациясы дамуының психологиялық механизмдері туралы. Оқушылардың оқу мотивациясының қалыптасуына тұлғаның жеке-даралық және жас ерекшеліктерінің әсері. Оқудың мағынасы-күрделі тұлғалық білім беру, оның кезеңдері, оқу іс-әрекетінің жетістігі. Мектеп оқушыларының оқу мотивациясын қалыптас-тырудағы мұғалімнің ұстанар қағидасы (IV-том Психологиядағы ақыл-ой әрекетін сатылап қалыптастыру). /3/

Сол сияқты Л.С.Выготскийдің жан мәселелері туралы мәдени-тарихи теориясын қарастырған бірінші томдағы жоғарғы психикалық функциялардың даму тарихы, мәдени жас проблемасы, тіл мәселесі «Даму психологиясы» пәнін оқытуда қолданылса, білім алушылар мен оқырман қауым үшін пайдалы болары сөзсіз. Осы орайда мынандай мәселелерді талдау, қарастыру орынды деп ойлаймыз: Даму психологиясының әдіснамалық мәселелері. Оның басты проблемасы - бала психикасы дамуының қозғаушы күштері. Л.С.Выготскийдің Мәдени - тарихи тұжырымдамасы: оқыту мен дамудың арақатынасы. Л.С.Выготский адам психикасының «мәдени-тарихи дамуы» және «бала дамуының жақын арадағы аймағы» тұжырымдамалары (1 -том). /4/

Даму психологиясының дербес ғылым ретінде қалыптасуының тарихи очерктері. Тарихи-психологиялық процесс: заңдылықтары, тауда принциптері. Даму заңдылықтары туралы шет елдік психологияның негізгі бағыттары. Кеңестік психологиялық мектептегі даму мәселелері.

Әр түрлі жас кезеңдеріндегі психикалық дамудың ерекшеліктері. Онтогенездегі психикалық дамудың жалпы заңдылықтары. Жетекшісі - әрекеттер, дағдарыстар оны жеңу жолдарын оқып-үйрену мәселелері.

«Жеке тұлғаның қазіргі теориялары» атты сегізінші томда қарастырылған жеке-даралық психологияның негізін қалаушылар: А.Адлер, К.Юнг, А.Бандураның тұлға теорияларын «Жеке тұлғаның

қазіргі теориялары» пәнін оқып-үйренуде кеңінен қолдануға болады/5/.

А.Адлердің жеке-даралық психологиясы - адамды біртұтас бірлікте қарастыратын ілім. Адлердің пікірінше, адам дамуының негізі адам жанының динамикалық және мақсатты ұмтылысы. «Толым-сыздық кешені» және оны жою, артықшылыққа ұмтылушылық және оның тәрбиелік мәні.

К.Юнг бойынша түс көрудің мәні, санаасты мәселелері. оны талдауда адамның эр түрлі типтерінің (экстраверт, интроверт) өзіндік өзіндік көзқарастары. Архетиптер туралы түсінік. Инстинктілер мен архетиптер арасындағы байланыс.

А.Бандураның әлеуметтік үйрету теориясының мәні, Мінез - құлықтың жеке формаларының қалыптасуы-адамның жеке тәжірибесіне және қоршаған ортаға байланыстылығы. Жауаптық салдардың атқаратын қызметтері: ақпараттық, мотивациялық, бекітуші функциялары.

Қазіргі таңда психология ғылымының қолданбалы - практикалық тұрғыда ерекше сұранысқа ие екендігі белгілі. Көпшілік бұл ғылымның қыр-сырын жете түсіне алмаса да, оның қажеттілігін сезіне бастады. Сондықтан жоғары оқу орындарында даярланып жатқан психолог мамандарға психология ғылымының теориялық мәселелерімен қатар тәжірибелік аспектілерін жан-жақты тереңдете оқыту заман талабы. Осы тұрғыда «Психология. Адамзат ақыл-ойының қазынасы» кітаптар сериясының бесінші томында К.Роджерстің «Кеңес беру өнері мен терапия» деген еңбегіндегі жеке тұлғаны зерттеу тәжірибесі жайлы тұжырымдарын «Практикалық психология» пәнін оқыту барысында жүйелі қолданып отыру өзінің оң ықпалын тигізери анық /6/. Осы пәннің мазмұнын томендегіше толықтыруды ұсынамыз: мәселен, К.Роджерстің адамдардың туа

біткен элеуетін жетілдіруге көмектесетін дамудың нақты формаларын анықтауы. Адамның өзіндік кемелденуіне негіз болатын терапиялық жағдайлар. Кеңес беру және оның әдістері. Психотерапия немесе кеңес беру мүмкіндігіне қажетті негізгі жағдайлар. Терапевтік қарым-қатынас атмосферасын орнатудың маңызы, Инсайт-терапевтік кеңес берудің маңызды аспектісі, Инсайттың катарсиспен байланысы. Терапияның қортынды фазалары.

Осы мамандықтар бойынша психологиялық пәндерді оқыту барысында «Психология. Адамзат ақыл-ойының қазынасы» жинағында топталған әрбір еңбекті пәннің зерттеу объектісіне байланысты лайықтап, дәріс, семинар сабақтарында баяндап, талдап, студенттердің өзіндік жұмыстарында өзіндік пікірлерін қорытындылап отырса, осындай құнды мұралар тек кітап бетінде ғана қалмай, студенттер мен магистранттардың және ізденушілердің ғылыми зерттеу жұмыстарына негіз болып қолданылса, еңбектің зая кетпегені. «Іздеген жетер мұратқа» дегендей, психология ғылымымен айналысамын деген жанға бұл еңбектің пайдасы мол екені даусыз.

#### Қолданылған әдебиеттер:

1. Психология: Адамзат ақыл-ойының қазынасы. Алматы «Таймас» баспа үйі. 2-том. 478 бб
2. Психология: Адамзат ақыл-ойының қазынасы. Алматы «Таймас» баспа үйі. 9-том. 469 бб
3. Психология: Адамзат ақыл-ойының қазынасы. Алматы «Таймас» баспа үйі. 4-том. 477 бб
4. Психология: Адамзат ақыл-ойының қазынасы. Алматы «Таймас» баспа үйі. 1-том. 461 бб
5. Психология: Адамзат ақыл-ойының қазынасы. Алматы «Таймас» баспа үйі. 8-том, 478 бб
6. Психология: Адамзат ақыл-ойының қазынасы. Алматы «Таймас» баспа үйі. 5-том. 478 бб

Рецензент: к.п.н., доцент Сатпаев Р.К.